



УДК 349.2

Г.В. Жук, А.О. Габдулина

ВКГТУ им. Д. Серикбаева, г. Усть-Каменогорск

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА В СФЕРЕ ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА

В настоящее время в Казахстане происходят процессы всесторонней модернизации во всех сферах жизнедеятельности. В сфере социального обеспечения населения одной из приоритетных целей является повышение уровня и качества жизни на основе расширения доступности достойной занятости. Рынок труда в республике характеризуется определенной стабильностью, выражающейся целенаправленной государственной политикой в организации и социально-правовой защиты трудовой деятельности молодого населения.

Одним из решающих, поворотных документов в жизни всех казахстанцев стало послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Казахстан-2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев» 1997 года, в котором определена стратегия развития Казахстана до 2030 года, и одной из главных задач на 1998-2000 годы является борьба с бедностью и безработицей. Стратегия борьбы с бедностью и безработицей в эти годы основывалась на внедрении системы микрокредитов; развитии малого и среднего бизнеса; приоритетном развитии трудоемких отраслей и активного привлечения в них иностранных инвестиций и национального капитала; жесткого подхода к проблемам занятости при договорах и контрактах, бюджетных закупках; развития общественных работ, прежде всего строительства дорог и лесопосадок; снятии всех ненужных административных барьеров на пути развития частного предпринимательства; энергичного развития сферы услуг и особенно туризма.

23 января 2001 года был принят закон Республики Казахстан «О занятости населения», который регулирует правовые, экономические и организационные отношения в сфере занятости населения. Согласно статье 4 закона «О занятости населения», государство обеспечивает проведение политики, способствующей достижению продуктивной и свободно избранной занятости граждан и направленной на обеспечение равных возможностей гражданам РК, иностранцам и лицам без гражданства, постоянно проживающим в Республике Казахстан; на свободный выбор рода деятельности и профессии, справедливых и благоприятных условий труда, социальной защиты от безработицы; обеспечение продуктивной занятости, сокращение безработицы, создание рабочих мест; ориентацию системы образования на подготовку кадров в соответствии с потребностью рынка труда и перспективами его развития с учетом инвестиционной политики; поддержку трудовой и предпринимательской инициативы граждан, содействие развитию их способностей к производительному, творческому труду; стимулирование работодателей, сохраняющих действующие и создающих новые рабочие места, в том числе для целевых групп населения; организацию трудового посредничества через уполномоченный орган и частное

агентство занятости и др.

Государство гарантирует гражданам социальную защиту от безработицы; содействие в подборе работы и трудоустройстве при посредничестве уполномоченных органов, а также обеспечивает меры по содействию занятости целевым группам населения. В целях реализации государственной политики занятости Министерство труда и социальной защиты осуществляет методическое и организационное руководство уполномоченными органами; анализирует, прогнозирует спрос и предложение на рабочую силу на основе создания единой информационной базы рынка труда, информирует население и Правительство Республики Казахстан о состоянии рынка труда; разрабатывает республиканскую программу занятости населения; принимает участие в рассмотрении проектов инвестиционных контрактов с целью защиты внутреннего рынка труда; выдает, приостанавливает лицензии на деятельность, связанную с вывозом рабочей силы из республики за границу; совместно с заинтересованными органами определяет потребность в подготовке кадров и их трудоустройстве, а также проводит и другие мероприятия.

Местные исполнительные органы обеспечивают реализацию политики занятости населения путем разработки и исполнения региональных программ в соответствии с государственной политикой занятости; ежегодного определения целевых групп, проживающих на территории соответствующих административно-территориальных единиц, и социальных мер по их защите; поддержки создания дополнительных рабочих мест через развитие индивидуального предпринимательства, малого и среднего бизнеса; оказания социальной защиты безработным; организации общественных работ; установления квоты рабочих мест для инвалидов и создания специальных рабочих мест для их трудоустройства; организации социальных рабочих мест; установления квоты рабочих мест для лиц, освобожденных из мест лишения свободы, несовершеннолетних выпускников интернатных организаций, а также осуществляют другие меры, способствующие занятости населения.

Уполномоченный орган обязан: информировать обращающихся граждан и безработных о возможности получения работы, а работодателей - о возможности обеспечения рабочей силой; оказывать содействие гражданам и безработным в выборе работы, выдавать направления для трудоустройства и обучения; формировать банк данных по рынку труда; не позднее десяти дней со дня обращения лиц регистрировать, ставить их на учет; оказывать бесплатные услуги гражданам и безработным в профессиональной ориентации; направлять безработных с их согласия на общественные работы, профессиональную подготовку, переподготовку и повышение квалификации в соответствии с потребностями рынка труда с последующим содействием их трудоустройства; направлять на профессиональную подготовку, переподготовку, повышение квалификации занятых и лиц, занятых уходом за детьми в возрасте до семи лет, из числа малообеспеченных в случае их обращения; направлять на профессиональную подготовку, переподготовку, повышение квалификации, общественные работы работников, занятых в режиме неполного рабочего времени, в связи с изменением в организации производства, в том числе при реорганизации, и (или) сокращением объема работ у работодателя; выдавать безработному справку, что он зарегистрирован как безработный; анализировать, прогнозировать спрос и предложение части экономически активного населения (рабочей силы) и информировать

население, местные и центральный исполнительные органы о состоянии рынка труда; реализовывать региональные программы занятости населения и специальные мероприятия, обеспечивающие содействие занятости целевым группам, а также выполнять другие функции.

Законодательством обеспечиваются определенные права и обязанности работодателей участвовать в реализации государственной политики занятости.

В 2008 году Казахстаном было подписано Соглашение о продвижении принципов Глобального договора Организации Объединенных Наций в сфере социально-трудовых отношений. Глобальный договор ООН – крупнейшая международная инициатива по развитию социальной ответственности бизнеса, старт которой был дан в 2000 году. Деятельность всех участников Договора направлена на развитие принципов социальной ответственности бизнеса, обеспечение его участия в решении наиболее острых проблем глобализации. Частный бизнес в сотрудничестве с другими социальными партнерами получит возможность способствовать формированию устойчивой и открытой глобальной экономики.

Согласно данному договору, социально ориентированные бизнес-структуры Казахстана выступают за ответственную свободу предпринимательства, добиваются долгосрочного и устойчивого развития своих компаний, высоких финансовых результатов, которые создают основу рентабельного развития, а следовательно, для роста занятости, экономического и социального благополучия страны. Подписание данного соглашения явилось еще одним положительным моментом в стабилизации рынка занятости.

Большое значение в реализации государственной политики в сфере занятости имеет выполнение государственных программ. Регулирование рынка труда и сферы занятости в Казахстане, начиная с 1991 года, осуществлялось преимущественно в форме специальных программ занятости населения, утвержденных постановлениями Правительства Республики Казахстан: Программа по борьбе с бедностью и безработицей на 2000-2002 годы от 03.06.2000 г. № 833, Программа по снижению бедности в Республике Казахстан на 2003-2005 годы от 26.03.2003 г. № 296, Программа занятости населения Республики Казахстан на 2005-2007 годы от 27.01.2005 г. № 68. На 2008-2010 годы был разработан и утвержден постановлением Правительства от 20.11.2007 года № 1114 план мероприятий по совершенствованию системы занятости населения Республики Казахстан. Но в условиях мирового финансово-экономического кризиса с осени 2008 года в Казахстане началось снижение темпов производства, рост инфляции и как следствие снижение занятости и, соответственно, уменьшение доходов населения. Правительство по поручению Президента Республики Казахстан разработало специальную Стратегию занятости и переподготовки кадров «Дорожная карта», направленную на обеспечение занятости, недопущение существенного роста безработицы, сохранение и создание новых рабочих мест. Основными результатами Дорожной карты стали: реализация почти 9 тысяч проектов; создание 392 тысяч рабочих мест; направление на подготовку и переподготовку около 150 тысяч человек, из которых около половины трудоустроены; трудоустройство более 192 тысяч человек на социальные рабочие места и рабочие места в рамках молодежной практики. За два года в рамках антикризисной «Дорожной карты - 2009» государство обеспечило занятость населения, уровень безработицы в 2009 году снизился до 6,3 %, а по со-

стоянию на 1 ноября 2010 года - до 5,6 %.

В послании народу от 29 января 2010 года «Новое десятилетие – новый экономический подъем – новые возможности Казахстана» Президент Н.А. Назарбаев обнародовал Программу индустриально-инновационного развития. И важнейшей задачей предстоящего десятилетия глава государства определяет улучшение качества и уровня жизни всех граждан Казахстана, укрепление социальной стабильности и защищенности. Главным приоритетом на этот период в государственной социальной политике является обеспечение занятости населения, установив уровень безработицы не более 5 % к 2020 году, а доля населения с доходами ниже прожиточного минимума - не более 8 %. Большое внимание уделяется предпринимательству, как движущей силе модернизации экономики. Президент выделяет предпринимателей в особый класс, способный брать на себя риски, осваивать новые рынки, внедрять инновации, создавать новые рабочие места. В связи с чем создана новая государственная программа по развитию предпринимательства в регионах - «Дорожная карта бизнеса - 2020», утвержденная постановлением Правительства Республики Казахстан от 13 апреля 2010 года № 301, целью которой является создание постоянных рабочих мест за счет развития нового слоя предпринимательства в регионах, прежде всего малого и среднего бизнеса. Использование средств этой программы должно осуществляться по следующим направлениям: субсидирование процентной ставки по кредитам; частичное гарантирование кредитов малому и среднему бизнесу; сервисная поддержка ведения бизнеса; переподготовка кадров и повышение квалификации, молодежная практика и социальные рабочие места.

По данным министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан в ходе социально-экономических преобразований в стране за последние 10 лет численность занятого населения увеличилась с 6 698,8 тысяч человек до 8 141,4 тысяч человек, а уровень безработицы снизился с 12,8 % в 2001 году до 5,5 % на конец 2010 года.

В Послании от 28 января 2011 года «Построим будущее вместе!» Президент Республики Казахстан ставит новые задачи перед Правительством - создать 161 тысячу постоянных рабочих мест и 207 тысяч - на период строительства. Для тех граждан, которые связывают жизнь с селом, Правительство совместно с местными органами власти должны проработать комплекс мер по развитию сельского предпринимательства. В населенных пунктах с высоким потенциалом развития должна быть развита сельская инфраструктура, расширяться доступ к поливной воде, программам микрокредитования и натурным грантам, организовываться обучение навыкам предпринимательства. В настоящее время создана правовая основа деятельности микрокредитных организаций. В 2012-2015 годах предполагается увеличение финансирования до 10-15 миллиардов тенге ежегодно в сторону занятости, на организацию собственного дела.

В рамках этого Послания Министерством труда и социальной защиты населения Республики Казахстан принята принципиально новая программа - «Программа занятости - 2020», утвержденная постановлением Правительства от 31 марта 2011 года № 316, с целью повышения доходов населения путем содействия устойчивой и продуктивной занятости. С 1 июля 2011 года «Программа занятости – 2020», одобренная Президентом Республики Казахстан, введена в действие. Масштабная реализация программы началась с 1 января 2012 года и направлена на обучение, трудоустройство, содействие в открытии и

расширении собственного дела по месту жительства, содействие добровольному переезду из населенных пунктов с низким экономическим потенциалом в населенные пункты с высоким экономическим потенциалом и центры экономического роста с целью расширения доступности продуктивной занятости. Программа занятости решает такие задачи, как развитие кадрового потенциала для индустриальной программы, совершенствование системы оказания адресной социальной помощи. Программа нацелена на трудоустройство безработных, самозанятых и малообеспеченных слоев населения. В соответствии с законом Республики Казахстан «О занятости населения», программой занятости - 2020, Приказом министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 5 октября 2011 года № 353-ө введены Правила определения критериев отнесения граждан Республики Казахстан к самостоятельно занятым, безработным и малообеспеченным при реализации активных мер содействия занятости.

Программа осуществляется по следующим направлениям:

1. Обучение и содействие в трудоустройстве самозанятого, безработного и малообеспеченного населения по месту жительства. Участниками могут быть граждане Республики Казахстан и оралманы из числа самостоятельно занятого, безработного и малообеспеченного населения. Приоритетные возможности участия предоставляются молодежи и женщинам в сельской местности.

2. Содействие развитию предпринимательства на селе. Участие в данном направлении могут принять сельские предприниматели и лица из числа самостоятельно занятого, безработного и малообеспеченного населения, желающие и имеющие возможность организовать собственное дело. Приоритетное право участия будет предоставлено женщинам, желающим организовать собственное дело на селе.

3. Повышение мобильности трудовых ресурсов. Данное направление предусматривает меры повышения мобильности трудовых ресурсов за счет содействия добровольному переезду граждан Республики Казахстан из населенных пунктов с низким экономическим потенциалом в центры экономического роста. Приоритетное право на участие будет иметь сельская молодежь.

Одним из важнейших инструментов организации исполнения программы стали социальные контракты между местными органами занятости и непосредственными участниками программы. Социальный контракт – соглашение между местными органами занятости и участниками программы, предусматривающие взаимные обязательства сторон по предоставлению (местные органы власти) и использованию социальных услуг (участники программы). Программа устанавливает определенные критерии к участникам. В рамках вышеуказанных направлений оказываются различные виды государственной поддержки.

Особенностями данной программы является то, что кроме трудоустройства и переобучения гражданам предлагаются микрокредиты на организацию собственного дела на селе или в ауле; оказывается содействие добровольному переезду из регионов с низким экономическим потенциалом в центры экономической активности.

По итогам 2011 года 56 тысяч человек стали участниками «Программы занятости 2020». По прогнозным данным Министерства труда и социальной защиты населения в 2012 году в программе занятости населения примут участие уже более 100 тысяч человек. Реализация масштабной программы занятости позволит снизить уровень бедности до

6 %, безработицы - до 5,5 %.

Общие индикаторы по реализации программы за период с 1 января 2012 года по 1 апреля 2012 года «Обучение и содействие в трудоустройстве самозанятого, безработного и малообеспеченного населения»:

– Число лиц, направленных на профессиональное обучение, переподготовку, повышение квалификации – 4 708 человек, из них число лиц, завершивших обучение, - 31, трудоустроенных после обучения - 11.

– Всего трудоустроено 15 101 человек, из них на социальные рабочие места (с частичным субсидированием заработной платы) - 10 563, на рабочие места для прохождения молодежной практики (с полным субсидированием заработной платы) - 2 421, на существующие в базе вакантные рабочие места (человек) - 2 023.

Список литературы

1. Закон РК «О занятости населения» от 23.01.2001 г.
2. Программа занятости 2020 от 31.03.2011 г.
3. Интернет – ресурсы: www.enbek.gov.kz.

Получено 14.06.12

УДК 811.512.122

Б.Қ. Оқасова

Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ, қ. Өскемен

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕНГЕРТУДЕГІ БАЛАМАЛЫ ӘДІСТЕР

Қазіргі уақытта Қазақстанда бірінші кезекте тілдік-мәдени білім деңгейін кәсіби қызметінде креативті жүзеге асыра алатын қазақ тілінде кәсіби қарым-қатынастық құзыреттілігі бар мамандарды даярлауды онтайландыру мәселесі тұр. Бірақ та іс жүзінде бұл мақсат орындала бермейді. Қазақ тілін баламалы әдістер арқылы меңгеру мәселелері қазіргі таңда өзекті болып отыр. Өйткені қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесінің беки түсуі қоғамның кез келген әлеуметтік топ өкілінің тіл меңгеруге деген қызығушылығын арттырып, қазақ тілін әр деңгейде білуге, тілдік мәдениетін қалыптастыруға жетелеп отыр. Тіл үйретудегі өз бақылауымыздың нәтижелеріне сүйенсек, Қазақстанда қазақ тілінің қолданысын арттыру, оның мәдени аясын кеңейту бағытында дәстүрлі білім берумен қатар, баламалы әдіс-тәсілдердің де пайдаланылатынын анықтадық.

Мемлекеттік тілді меңгертуде баламалы әдістер, ең алдымен, тіл үйрету орталықтары арқылы жүзеге асырылуда. Соңғы жылдары кеңінен өрістетіп отырған орталықтарды ашу, оларды соңғы техникалармен және оқу кешендерімен қамтамасыз ету, тіл үйренушілерге тілдік-мәдени білімді беруге толықтай жағдай жасай отырып, мемлекеттік тілге ынталандыру жұмыстары өз нәтижелерін бере бастады.

Сонымен қатар қазақ тілінің мәдениетін арттыру, жастардың шығармашылық қабі-

легін дамыту үшін жоғары оқу орындарында әртүрлі курстар, үйірмелер, клуб жұмыстары жолға қойылған. Әрине, бұл бағыттағы істелген істердің барлығы мәселенің толық шешілгендігін көрсетпейді. Мемлекеттік тілді үйретуде тіл үйренушілердің креативтілік қабілеттерін ашу, оны баламалы әдістер арқылы дамытуда жаңа бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешен қалыптастыру бүгінгі және болашақта атқарылар істердің бастысы болмақ.

Қазақ тілін меңгерту сапасының қоғамның барлық салалары сұранысына сай болуы, оның ғылыми-әдістемелік негізінің жоғары деңгейде қалыптасуымен тікелей байланысты. Бұл тұрғыда Қазақстан әдіскерлерінің бүгінгі таңда қол жеткізген жетістіктерін ерекше атауға болады. Қазақ тілі әдістемесі Н. Оралбаева, Ф.Ш. Оразбаева, Қ. Қадашева, З. Күзекова, Н.Ж. Құрман, Ш.К. Құрманбаева т.б. ғалымдардың еңбектері арқылы жаңа са-тыға көтерілді.

Қазіргі таңда қоғамдағы болып жатқан өзгерістер, ең алдымен, білім берудің жаңа бағыттарын, әдіс-тәсілдерін айқындауды алға тартып отыр. Қоғамның қай саласы болма-сын мамандардан өз кәсібіне сай терең білімімен қатар оның бойынан күрделі мәсе-лелерді шешудегі ерекше қабілеттілік, тапқырлық, шығармашылық қасиеттер талап етілу-де.

Жоғары оқу орындарындағы жүргізіліп жатқан бетбұрыстар мамандарды даярлауда білім сапасының әлемдік стандарт талаптарына сай келуін басты бағыт етіп алуда. Білім сапасының артуы бүгінгі таңда білім берудегі кредиттік жүйенің енгізілуімен, оқылатын пәндердің көлемі мен мазмұнының өзгеруімен, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру жолдарымен жүзеге асуда.

Қазақ тілін деңгейлеп оқытуда оны сала бойынша мамандардың қолдана білу дәре-жесінде, яғни кәсіби деңгейде меңгерудің мәселелері бүгінгі таңда өзекті болып отыр. Тілдік қызметті айқындауда, оның, ең алдымен, халықтың рухани байлығын, ұлттық мәдениетті, білімді жинақтаушы, сақтаушы және оны ұрпақтарға жеткізуші құрал екенін ескерсек, оны үйренуде адамның ойының кемелденуі, тіл арқылы терең білім көздеріне қол жеткізуі басты болмақ.

Қазақ тілін тек отбасы, ошақ қасы деңгейінде, яғни күнделікті қатынас құралы ретінде ғана танып, оның биік мәртебесін аласартпау оның ғасырлар қойнауынан ұлттық сана мен терең білімді ұрпақтар бойына сіңіріп келген қызметін танумен астасып жатыр. Бел-гілі ғалым Ж.А. Манкеева: «Тіл - бірден-бір коммуникативтік құрал ғана емес, тілдік қарым-қатынас негізінде мәдениетті де анықтайтын кешенді ұғым» - дейді.

Яғни тілдің адамның мәдени-танымдық болмысын қалыптастырушы құрал екендігі мемлекеттік тілді оқытуда да ұмыт қалмауы тиіс. Сондықтан да қазіргі жағдайда білім беру жеке тұлғаға бағытталып, педагогикалық үрдісте шәкіртті үнемі даму үстіндегі әрекет иесі - субъект ретінде тану маңызды болмақ. Осындай мәселелердің шешімін табуда болашақ мамандардың креативтілігін дамыту мәселесінің өзектілігі айқындалады.

Мемлекеттік тілдің қазіргі таңда нағыз ғылым, білімнің тілі деңгейінде ресми тілмен қатар дәрежеде қолданылуы және оның осы бағытта дамып-жетілуі тіл арқылы берілетін білім көлеміне де қатысты.

Білім ұғымы әр жеке тұлғаға қатысты бірнеше түрлерге бөлінеді. Ғылымилығына қарай тұрмыстық, ғылыми деп жіктер болсақ, ғылыми білім фундаменталды және қол-

данбалы болып бөлінеді. Білімді жеке тұлға қолданбалы қызметте ғылым салаларында жаңалық ашуда, жоғары технологияларды игергенде пайдаланады.

Мазмұнына қарай білімді арнайы, әмбебап деген топтарға бөлдік. Арнайы білім қоғамдық салалардың ерекшеліктеріне қарай пайдаланылса, әмбебап білім кез келген топтың құзіретіндегі білім болады. Білім үшінші жаққа субъективтік жаңалық ретінде беріледі. Осы айтылғандарды интеллектуалдық капитал ретінде қарастыруымызға болады. Әр ұлттың интеллектуалдық капиталы ғасырлар бойы жинақталған білімнің барлық қоры - еңбек және ол үсті-үстіне толыға түспек. Жеке ұлттың жинақтаған білім қорын жалпы адамзаттық білім капиталынан бөліп-жармайтынымыз да түсінікті жайт. Ғаламдық кеңістікте біртұтас кешенді жүйе ретінде білім қоры үнемі алмасу, тоғысу, даму үдерісінде болатыны да баршамызға аян.

Мемлекеттік тілді өрістету бағытындағы істерде қазақ тілінде осы білім түрлерінің дамуына, толығуына және оның қолданбалылық сипатына мән берілуі керек деп ойлаймыз. Бұл ретте мемлекеттік тілді жоғары оқу орнында оқытылуында тіл меңгертудің баламалы әдістерін ұсынуға болады.

Білім берудегі баламалы бағыттар білімді тұлғаны қалыптастырудың әртүрлі жолын іздестіруден туындайды. Сондықтан да жоғары білім жүйесінде баламалы білім берудің басты бағытын төмендегідей айқындауға болады:

1. Баламалы білім беру ошақтары – қоғамдық және жекеменшік жоғары оқу орындары.
2. Жоғары білім беру ошақтарында білімгерлерге ұсынылатын баламалы оқу бағдарламалары.
3. Білім алуға студенттерге жеке тұлғалық даму, танымдық өсуге, ой еркіндігіне, шығармашылығына жетелейтін оқыту стратегияларын ұсыну.

Студенттердің тілдік-мәдени білімін қалыптастыруда баламалы әдістерді және креативтік қабілетті қалыптастырушы жеке тұлғалық оқыту стратегияларын оқу үдерісіне енгізу керек. Себебі жалпы тіл үйренудің өзі білімдендіру, білім беру мәселелерінен тыс қалмақ емес. Тіл адамды білімге, дүниені тануға жетелейтін құрал болғандықтан, оны меңгерем, оны қолданам деуші тұлға өзінің мәдени-танымдық зердесін арттырғысы келетіні белгілі. Елбасының қазақ тілін Қазақстан халықтарын біріктіретін фактор ретінде тануы да тіл арқылы ұлтты, ұлт арқылы рухани құндылықтарға қол жеткізуді басты мұрат етіп алуымызды алға тартады.

Қазақ тілін оқыту арқылы қазақша сөйлеу мен ойлауын өнімді ойлау, шығармашылық ойлау үдерісінің түйісер нүктесінің негізінде жүргізе отырып, оның тілдік сезімі, тілдік қабілеті, тілдік шешім табу, кенеттен шешім табу (инсайт) ерекшеліктерін де дамыту жолдары қамтылып отырады.

Қазақ тіліне деген қызығушылықты ол арқылы адамның креативтік қабілетін ашу, оның шығармашылық ойлауын қалыптастыру, әлемді өзінше тани білуге жетелеу арқылы дамытуға болады.

Қоғамда жаңа экономикалық жағдайда еліміздің өркендеуі мен ғылымның даму ықпалы білім беру құрылымы мен мазмұнын жетілдіру міндетін қояды. Білім мазмұнының ұлттық негізде берілуі мен оқытудың жаңа міндеттері және озат тәжірибелердің жинақталуынан білім беру креативті-педагогикалық өркениетке енуде. Мұндағы ең басты талаптардың бірі: білім беруді дамытудың жаңа бағдары - инновациялық жаңару стра-

тегиясында болашақ маманның бәсекеге қабілетті тұлға ретінде кәсіби құзырлығының жоғары дәрежеде болуы.

Сондықтан да қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесі тұр. Білім беру жеке тұлғаға бағыттталып, педагогикалық үрдісте шәкіртті үнемі даму үстіндегі әрекет иесі - субъект ретіндегі орынға қойып отырғаны белгілі. Осындай мәселелердің шешімін табуда болашақ мамандардың креативтілігін дамыту мәселесінің өзектілігі айқындалады.

Креативтілікті қалыптастыру мәселесі көптеген ғалым, педагог-психологтердің еңбектерінде көрініс тапқан.

Қоғам дамуымен, философиялық және психологиялық ғылымдардың дамуымен креативтілікті қалыптастыру мәселесіне көзқарастар дамып, өзгеріп отырды. Түрлі психологиялық мектептер креативтілік феноменіне, танымдық қызығушылық, шығармашылық белсенділік, шығармашылық қабілеттерді зерттеуге деген өзіндік тәсілдерін ұсынды.

Креативтілікті қалыптастыруды зерттеуді төмендегідей шетелдік ғалымдар қарастырған: Дж. Гильфорд, Э. Юдин, В. Смит, К. Тейлор, Е. Торренс, М. Розенберг, Э. Эриксон, М. Уоллах, Д. Халперн, И. Верткин, А. Лук, Я. Пономарев, Н. Фролов, М. Ярошевский және т.б.

Зерттеу еңбектеріндегі креативтілікке берілген анықтамаларға тоқталайық. Е. Торренс: «Креативтілік - білім игеруде кездесетін қиындықтарды, кейбір мәселелерді шешудегі қабілеттілік» деген анықтама береді. Ғалым креативтілік моделінің негізгі үш белгісін ұсынады:

- ой ұшқырлығы (нәтижелігі-өнімділігі);
- жағдаяттардағы икемділік;
- тұлғалық ерекшелік, өзіндік шешім.

Бұл тәсілде шығармашылық өлшемі нәтиже сапасы емес, шығармашылық өнімділікті белсендіріп, жандандыратын сипаттар мен үрдістер ретінде көрінеді. Д.Богоявленская креативтілікті жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығы ретінде қарастыра келе, шығармашылықты талдау бірлігі - интеллектуалдық белсенділікті (шығармашыл тұлғаның танымдық және мотивациялық сипаттарын олардың бірлігінде бейнелеп көрсетеді) және интеллектуалдық белсенділіктің үш деңгейін: стимулдық - өнімді, эвристикалық және креативтілік деп ажыратады.

Алғашқы деңгейге жеке тұлғаның интеллектуалдық белсенділігі танымдық ынта және жігерлілікпен жұмыс жасау барысында да бастапқы берілген тәсіл шеңберінде қалатын адамдар жатқызылады, олардың іс-әрекеті сыртқы стимулмен анықталады.

Эвристикалық деңгейдегі адамдарға өз іс-әрекетінің құрамы мен құрылымын талдау, түрлі міндеттерді өзара салыстыру тән, бұл жаңа шешімдерге, ой-қорытындыларға, жаңалық ашуға жетелейді.

Интеллектуалдық белсенділіктің креативтілік деңгейіндегі адамдар құбылыстардың себептерін түсінуге тырысады, ал бұл өз кезегінде зерттеудің жаңа мақсаттарына айналады, талдау үрдісін тереңдетеді.

Көптеген зерттеулерде ғалымдар «креативтілік» ұғымына анықтама беруде креативтіліктің бір сипаты ретінде жеке тұлғаның жағдаяттардан шыға білу қабілеті мен өзіндік

мақсатты нақты қоя білу қабілеттілігіне тоқталады.

Л.Ермолаева-Томина шетел зерттеушілерінің тәжірибесін жалпылай келе, креативтілікті әртүрлі қабілеттердің жиынтығы ретінде анықтайды, қабілеттер әр адамда жеке-дара әр сапада көрінетініне тоқталып, келесі белгілерін көрсетеді:

- тәжірибеге ұмтылушылық - жаңа проблемаларға икемді, мәселені шешуге бейімділік;
- талқылауға икемділік - тапсырманың шегіне шыға алу;
- ой ұшқырлығы - тез арада, кенеттен шешім шығару тәсілдерін өзгерте алу қабілеттілігі;
- ойлау ерекшелігінің болуы - өзбеттілік, даралық ерекшелік, ерекше шешім шығару.

Креативтілікті қалыптастыру мәселесіне сәйкес жазылған еңбектерді саралай келе креативтіліктің құрылымдық бөліктерін бөліп көрсетуге болады: аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой-пікірлерде тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисынды ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру т.б.

Креативтілік арқылы адам өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылып, ізденеді, өзінің істеріне есеп беріп, кемшіліктеріне сын көзбен қарай алады.

Жеке тұлғаның креативтілігін, шығармашылық дербестігін қалыптастыру өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

Креативтілікті қалыптастыру шығармашылыққа жетелейтін қабілеттер мен шығармашылық қызмет сапасын анықтайтын, жаңаны тану мен жасауға бейімделуге апаратын әрбір жеке тұлғаға тән интеллектуалдық үрдіс ретінде сипатталады.

Демек, инновациялық оқыту арқылы креативтілікті қалыптастыру - жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын, рухани құндылықтарды игерудің бірден-бір жолы.

Ғылым мен техниканың шарықтаған заманында өмірге икемді, әр салада өзін таныта білетін, тыңнан жол таба алатын белсенді ұрпақ жоғары оқу орындарында инновациялық оқыту арқылы креативтілігін қалыптастыру негізінде қаланады.

Сондықтан да қазақ тілін меңгерту барысында күрделі мәселелерді талқыға салып, оны шешуді студенттердің өздеріне жүктеу олардың креативтілік қабілеттерін қалыптастырады. Бұл бағыттағы әдіс-тәсілдер студенттің өздік жұмысын ұйымдастыру үдерісінен айқындалады.

Қазақ тілін сала бойынша меңгертуде топтағы білім алушылардың интеллектуалдық капиталы деңгейінің әртүрлі болу сипатына қарай көбінесе шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды беру студенттердің креативтілік қабілеттерін арттырады.

Қазақ тілін сала бойынша оқытуда біз, ең алдымен, үйренушілерге білімнің арнайы түрін, яғни әр сала бойынша тілдік білімді беруге тырысамыз. Сонымен қатар білімнің ғылымилығына, яғни ғылымның әртүрлі салаларына, сол салаларда қолданылатын терминдердің ерекшеліктеріне де жіті назар аударуымыз талап етіледі.

Болашақ мамандардың интеллектуалдық капиталы осы көрсетілген барлық талаптардан тұратындықтан, қазақ тілінен алынатын білім де оны биік деңгейде, яғни ғылыми жаңалықтар ашу, жоғары технологияларды күнделікті қолдану сияқты талаптарға сай болуы керек.

Қазақ тіліне деген қызығушылықты, ол арқылы адамның креативтік қабілетін ашу, оның шығармашылық ойлауын қалыптастыру, әлемді өзінше тани білуге жетелеу арқылы дамытуға болады. Қазақ тілін үйрену тартымды да адамға ой салар, ойын өрістетер, оның қалыптасқан мәдени білімін жетілдірер тәсілдерге толы болғанда нағыз білім беру құралы болмақ.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесі саясатының басты мақсаттарының бірі - жан-жақты, жоғары білімді, шығармашылық қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Получено 23.05.12
